

**Абдрасилова Г.З.**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: gauhar\_abdrasilova@mail.ru

## **ҒАЛАМДЫҚ ПЕССИМИЗМ ЖӘНЕ АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАТИКА**

Адам мәселесі – қайнар-бастауы А. Шопенгауэр философиясы болып табылатын иррационалистік философия тұрғысынан талданды. Енді ол картинада болмыс – адам ақылына барабар емес. Адам да енді саналы тіршілік иесі ретінде қарастырылмайды. Бейклассикалық философияның басқа өкілдері сияқты Артур Шопенгауэр (1788-1860) де адам мәнінің өзегін оның ақыл-ойы немесе тектік сипаты емес, әйтеуір бір соқыр, бейсаналы, ырықсыз өмірлік күш – ерік құрайды, – деп бекітеді. Ақыл – адам өмірінде ерікке тәуелді, қосалқы рөл атқарады.

Неміс классикалық философиясын сынап отырып, Шопенгауэр оның негізгі идеяларын пайдаланады. Шопенгауэрдің «Дүние – ерік және елес ретінде» (1816) атты негізгі еңбегі тікелей Кант философиясының ықпалымен жазылды. Ғаламды танылмайтын «өзіндік зат» пен «құбылысқа» ажыратып жіктейтін Кант сияқты Шопенгауэр де, дүниені елес («құбылыс») және ерік («өзіндік зат») ретінде қарастырады. Адам өмір сүретін дүниенің елестерден құралған жалған сиқыр екенін жариялайды. Елес ретіндегі дүниеде еркіндікке орын жоқ, өйткені мұнда барлығы ақыл-ойдың үстемдігіне, кеңістіктің, уақыттың және себептілік заңының билігіне бағындырылған. Иррационалистік философия – ХІХ ғасырдың ортасында өзінің мәңгісіздігін ұғынған таррационалистік механистік әлем және адам тұжырымдамасын радикалды жеңу әрекетінің талпынысы болды. Қазақ философиясымен салыстырма жасалды.

**Түйін сөздер:** дүние, ерік, «өзіндік зат», кеңістік, уақыт, себептілік, иррационализм.

Abdrasilova G.Z.

Al-Farabi Kazakh national university,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: gauhar\_abdrasilova@mail.ru

## **Ecumenical pessimism and anthropological problems**

Analyzed the Problem of man in the context of irrational philosophy (A. rodonachalniki which is considered to be. Schopenhauer), which no longer identified with the mind of being, and man as a rational being is not considered. As other representatives of non-classical philosophy, Arthur Schopenhauer (1788-1860) argues that the basis of man, his tribal nature is not the mind, and a certain blind, unconscious life force, unreasonable will. The mind plays a secondary and dependent on the will's role in human life.

However, criticizing the German classical philosophy of Schopenhauer uses its basic ideas. And the Main work. Schopenhauer "the World as will and representation" (1816) was written under the direct Deputy Ashat Askarovich philosophy of Kant. Just as Kant distinguishes between "phenomenon" and the unknowable "thing in itself", Schopenhauer regards the world as representation (as "phenomenon") and as to the will (the "thing in itself"). A world in which man lives, is declared to be a philosopher inauthentic world. Here everything is an appearance, a Mirage. In this world it is almost impossible to distinguish between reality and dream, reality and appearance. As the world view has no place for freedom, because here, everything is subordinated to the power of the mind, space and time and the domination of the law of causality. Irrationalistic philosophy is an attempt to overcome the mechanistic concept of the world and man radikalnoe scorzoneroide, which found its nesostoiatelnosti to the mid-nineteenth century. Held in conjunction with the Kazakh philosophy.

**Key words:** world, will, quot, substance &quot; space, time, reason, irrationalism.

Абдрасилова Г.З.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: gauhar\_abdrasilova@mail.ru

### Вселенский пессимизм и антропологическая проблематика

Проблема человека проанализирована в контексте иррационалистической философии (родоначальником которой считается А. Шопенгауэр). В которой бытие более не отождествляется с разумом. А человек не рассматривается как существо разумное. Как и остальные представители неклассической философии, Артур Шопенгауэр (1788-1860) утверждает, что основой человека, его родовой сущностью является не разум, а некая слепая, бессознательная жизненная сила, неразумная воля. Разум в жизни человека играет второстепенную и зависимую от воли роль.

Однако, критикуя немецкую классическую философию, Шопенгауэр использует ее основные идеи. Основная работа А. Шопенгауэра «Мир как воля и представление» (1816) была написана под непосредственным влиянием философии Канта. Точно так же, как Кант различает «явление» и непознаваемую «вещь в себе», Шопенгауэр рассматривает мир как представление («явление») и как волю («вещь в себе»). Мир, в котором живет человек, объявляется философом неподлинным миром представления. Здесь все является видимостью. В этом мире практически невозможно провести различие между явью и сном, реальностью и видимостью. В мире как представлении нет места свободе, поскольку здесь все подчинено власти разума, господству пространства и времени и закону причинности. Иррационалистическая философия являет собой радикальную попытку преодоления узкорационалистической механистической концепции мира и человека, которая к середине XIX века обнаружила свою несостоятельность. Проведена параллель с казахской философией.

**Ключевые слова:** мир, воля, «субстанция», пространство, время, разум, иррационализм.

**Тақырыптың өзектілігі** А. Шопенгауэрдің иррационалистік позициясының Канттық позициядан айырмашылығы негізделді.

**Нәтижелер.** Адам мәселесі – қайнар-бастауы А. Шопенгауэр философиясы болып табылатын иррационалистік философия тұрғысынан талданды. Ол картинада болмыс енді адам ақылына барабар емес. Ал адам саналы тіршілік иесі ретінде ретінде қарастырылмайды. Бей-классикалық философияның басқа өкілдері сияқты Артур Шопенгауэр (1788-1860) де адам мәнінің өзегін оның ақыл-ойы немесе тектік сипаты емес, әйтеуір бір соқыр, бейсаналы, ырықсыз өмірлік күш - ерік құрайды, – деп бекітеді. Ақыл – адам өмірінде ерікке тәуелді, қосалқы рөл атқарады. Иррационалистік философия – XIX ғасырдың ортасында өзінің мәнсіздігін ұғынған таррационалистік механистік әлем және адам тұжырымдамасын радикалды жеңу әрекетінің талпынысы болды. Қазақ философиясымен салыстырма жасалды.

#### Кіріспе

Брюнинг өзінің «Философиялық антропологиясында» объективті құрылымдардың бұзылу тенденциясы өз шырқау шыңына иррационалистік антропологияда көтерілетіндігін, әйтсе де бұл процестің өз абсолютті шегіне ешқашан жетпейтіндігін, өйткені иррационалистік антропология – қадам сайын өз-өзін рационализммен

(диалектикалық түрде) байланыстыруға мәжбүр екенін дәлелді түрде ашып көрсетті (1).

Диалектикалық қайшылық – дүниенің және адамның иррационалистік картинасын жасаушы Гераклит ілімінде көрініс берген болатын. Бір жағынан алғанда, Гераклит қалыптасудың тоқтаусыз ағыны туралы айтады. Демек, бұған сүйенсек, ешқандай да тұрақты болмыстың болмағаны. Шындығында бәрі өзгереді, бәрі ағады. Бір өзенге екі рет түсу мүмкін емес, өйткені келесі (екінші) жолы ол өзеннің құрамы басқаша болады, әрі түскен адам да өзгереді. Дүние, бүкіл мән атаулы үздіксіз-тоқтаусыз қалыптасу үстінде. Ал екінші жағынан, осының барлығын қозғалысқа келтіретін – тіршілік атаулының алғашқы бастамасы бар.

Натурализм өкілдері тұжырымдаған сенсуализм рухындағы ережелер кейінірек адам туралы иррационалистік түсініктің қайта туып-жаңаша қойылуына алғышарт болды. Ол тұжырым бойынша ешқандай да берік, тұрақты болмыс жоқ. Жанның өз ішінде болып жатқан қандай да бір өзгешеліктер – жан әрекетінің негізінде пайда болатын, үздіксіз өзгеріп отыратын уайым-сезімдер комплексі. Ерікті – жан болмысының ядросы ретінде анықтап, волюнтаризмге жақындата түсу бағытындағы дайындық жұмысын Юм атқарды. Ол қандай да бір объективті жалпымәнді заңдылықтардың болуын терістеп қана қоймай, адам субстанционалдылығын то-

лығымен жойды. Нәтижесінде берік те, анық ештеңе жоқ екендігін жар салған радикалды актуализм пайда болды.

Ішкі, психикалық сфераға қатыстыны Вильгельм Вундт негіздеді – адам жаны таза актуалдылық, ал субстанция категориясы материалды сфераға ғана тиесілі. Психикалық – абстракцияларда ғана құрамдас бөлімдерге ажыратыла алады. Жан – әрдайым белсенді биологиялық және ғарыштық табиғи болмыстың алғашқы күштерімен іштей байланысты. Ал адам міндеті – осы байланысты сақтау және тереңдету.

Романтизм дәуірінен кейінгі XIX ғасырда адам жанының сезімдік жағын ең шеткі планға ығыстырған натуралистік философия кең тарады. Соған қарамастан онда иррационалистік философияның қайта оралуына негіз болған тенденция бар болатын. Дәлірегі ол – сезімнің және сенімнің философиясы болды, ақыл-ойға сүйенетін ойлауды төменгі разрядты, қосалқы деп санады және барлық өзгеріссіз формалар мен нормаларды тоқтаусыз қалыптасу ағынында ерітуге тырысты.

Карл Густав Карустың ой саптауы да, осындай, көп бөлігі ұғынылмаған иірімдер шоғырына бағытталды. Оның ілімі бойынша, жан мен сананы теңестіруге болмайды. Керісінше, жан өз мәні бойынша – бейсананы жаратушы өмір. Жанның бұл өмірі тән тіршілігімен қосылып ажырамас бірлік құрайды.

Рационалистік қатып-семуге, интеллектуалдық өркениетшілдікке және жеңілділікке қарсы аналогиялық күресті Фридрих Генри Якоби жүргізді.

Иоганн Георг Гамани де ақыл-ой беретін білім кедергі ғана келтіреді, өйткені ол нағыз алғашқы себепке апаратын жолды жасырады деп санап, рационализмге – адам болмысының бастапқы біртұтас түпнегізден туындайтын творчестволық күштерін қарсы қойды. Ақыл-ой біліміне қарсы - өркениет адамы жоғалтқан (қараңғы жабайылардағы, сәбилердегі, ақылынан алжасқандардағы) санаасты күштерін қайта ояту қажеттігін тұжырымдады. Бұл кезеңдегі адам идеалы - өзін қоршаған ғарыштық және діни күштермен ішкі байланысын үзбейтін әрі өзінің дербес экзистенциясын сақтайтын бірегей де ұлы дарын иесі. (Индивидуалды мен иррационалды өмір тұтастығының диалектикасы иррационалистік антропологияның көп кейінгі формаларында жаңа көрініс табады).

Артур Шопенгауэрдің иррационалистік антропологиясында екі диалектикалық қайшылық

айқын көрініс тапты: қайшылыққа бір жағынан Платон рухында түсінілетін идеялар, ал екінші жағынан Кант рухында қарастырылатын қабылдау дүниесі түседі. Дүние мен адамның нағыз тірегі – ерік екендігі жарияланды.

Ерік туралы түсінікті Шопенгауэр радикалды түрде қайта қарастырды. Оған дейінгі философияда ерік – ақыл-ойдың практикалық түрі ретінде қарастырылып келген болатын. Шопенгауэр бірінші болып ақыл-ой мен ерікті бір-біріне қарсы қойды. Ерік, Шопенгауэр түсіндірмесінде, тылсым да соқыр Әлемдік күш. Ал ақыл-ой – сол соқыр күштің мағынасыз ұмтылыстарын іске асыратын құрал ғана. Ақыл-ой мен Еріктің арақатынасы туралы сұрақтың мұндай, жаңаша қойылысы Юнг философиясындағы адам өздігі (самость) туралы мәселеге ұласып, сол арқылы адам бейсаналылығы туралы концепцияларға жол ашылды. Осылайша Шопенгауэр философиясы – философиялық ізденістердің орталығындағы «Дүниені тану мүмкіндігі» туралы сұрақты «Адам тіршілігінің мағынасы» туралы сұрақпен алмастыруға бастама болды.

Нәтижесінде рационализмнің философиядағы рөлі мен мәні өзгерді. Оған енді Жаңа Замандағыдай, білу мүмкіндігі туралы сұраққа басқаша жауап бергенмен, білім, ғылымның рөлін терістемейтін эмпиризм емес – адам өміріндегі білім, білу фактісінің фундаменталдылығына күмән келтірген иррационализм, пессимизм, экзистенциализмдер қарсы тұрды. Егер Фихте және XX ғасыр басындағы бүкіл неміс трансцендентализмінде адам мәні – адамның ақыл-ойға ие тіршілік екендігіне тікелей байланыста қарастырылған болса, Шопенгауэрден кейінгі философиялық ағымдарға тән ортақ сипат – адам бойында ақыл-ойдың болуын терістеу.

Шопенгауэр иррационализмінде ерік – қандай да болмасын рационалды тәртіпке қарсы қойылды және принципалды алогикалы табиғатқа ие деп түсінілді. Біз қанша тырысқанмен, ерік ешбір пайым категорияларына көнбейді. Ерікке объективті принцип те, ешбір форма мен құрылым да тән емес. Ерік өз-өзін барлығын қамтушы заң арқылы объективтендіреді. Мұнда барлығы да уақыт пен кеңістікте реттелген. Сонымен қатар индивидуализация принципі өз құқығын иеленіп, жанды көптүрлілік тудырады. Барлығын қамтитын Әлемдік Ерікте еріп кеткен адам тек осында ғана нағыз индивидуумға айналады.

Ерік ретіндегі адам – қабылдау дүниесінде индивидуумға және рационалды тіршілікке

айналады. Канттық үлгіде қарастырылған трансценденталды сипатқа ие мұндай құбылыстар дүниесі өз себебі ретіндегі ерікпен ғана емес, келесі өзекті фактормен, дәлірегі – идеялар дүниесімен де байланысты.

Осылайша, Шопенгауэр иррационализмнің өзгеше сипаттағы диалектикалық мотивін негіздеді: Дүниеүсті идеялар патшалығын мойындай отырып бұл мәселеде Платонмен бірікті. Мұндай түсінік – бастапқы түпнегіз тезисінен туындады, бірақ оған тәуелді емес: егер қабылдау ретіндегі Дүние жалпы және тұтас алғанда Әлемдік Ерікке қызмет ететін болса, ал оған прагматизмге жақын қарама-қарсы идеялар жатса, адам – оның көмегімен Еріктің ықпалынан босануға көмек беретін құрал болып табылады. Осы жерде Идеялар дүниесі мен Ерік дүниесінің диалектикалық қатынасы толық көлемде көрінеді.

Өнердегі идеяларды пайымдау арқылы адам октын-октын тоқтаусыз Ерік билігінен босана алады. Және бұл – Өмірге деген Ерікті радикалды терістеудің этикалық позициясына дайындық болады.

Шопенгауэрдің адам мәселесінде үш негізгі фактор (иррационалды ерік, қабылдаулар дүниесі және идеялардың мәңгі дүниесі) – өзара байланыспаса да, өзара ішкі бірлігі болмаса да бір-біріне жақын орналасқан. Шопенгауэрдің ерік ілімінде иррационализмді шегіне жеткізе дамытуы - болмыстың рационалды элементтерін өзге сфераға ығыстырып, әрі оларды Ерікке қарсы қоя алуының арқасында. Ал, түрлі сфералар арасындағы байланыстың болмауы – оның төлемі болды.

Иррационализм – табиғаттағы логикалық байланыстардың болуын, қоршаған дүниені тұтас және заңды деп қабылдауды терістеп, Гегель диалектикасын және ондағы даму идеясын сынады. Қоршаған дүние: тұтастығы, ішкі заңдылықтары, даму заңдары жоқ ақылға емес, аффект, ерік-тілек сияқты қозғаушы күштерге ғана бағынатын, бөлшектелген, түйдектелген хаос екендігі туралы ой – иррационализмнің басты идеясы.

Адам және оның санасы негізіне ерікті алғанына қарамастан Шопенгауэр адамның табиғатқа ғана емес, оның өзіне-өзінің билік ете алу мүмкіндігіне сенбеді. Адам тағдыры заттар мен құбылыстардың бүкіләлемдік хаосы тізбегінде жүреді және ғаламдық қажеттілікке бағынышты. Жеке адамның еркі қоршаған дүниенің еріктер жиынтығы алдында шарасыз, әрі оған бағынышты. Шопенгауэр адам бақытына сенбеді.

Шопенгауэрдің жеткілікті негіз туралы төрттік заңы, волонтаризмі мен пессимизмі өз замандастарына түсініксіз болып, қабылданбағанына, танылмағанына қарамастан, бейклассикалық идеалистік философияның (иррационализм, символизм, «өмір философиясы») және позитивизмнің дамуында үлкен рөл атқарды. Шопенгауэрден кейінгі ойшылдар үшін (біртұтас байланысқа ие болу мақсатында) иррационализмнің кейбір ұшқары тезистерінен бас тарту қажеттілігі туды. Бұл бағыттағы алғашқы қадамды өзінің «ұғынылмаған» (неосознанный) туралы теориясында (Шопенгауэрдің түрлі сфераларын біріктіруге тырысу арқылы) Эдуард фон Гартман жасады.

Гартман рационалды элементке маңызды орын бөледі. Абсолюттің «ұғынылмаған» екендігі туралы анықтамадан-ақ иррационалдың приоритеті көрініс береді. Рационалды – Ерік сияқты, «ұғынылмағанның» теңқұқылы атрибуты. Осылайша Гартман Шопенгауэр мен Гегельді біріктіруге тырысты. Бастапқыда Абсолюттің бұл екі атрибуты үйлесімде болған. Бірақ еріктің – уақыт пен кеңістікке енуінен ол гармония бұзылған. Еріктің соқыр, импульсивті шабуылы оның руханилықпен бірліктегі тұтастығын жойған. Содан бері ол өзінің бұзып-жоюшылық жолымен жүреді. Адамға жүктелетін міндет – хаостық күштерді рухтың көмегімен қайта игеріп-тежеп, рухсыздық жолынан ауытқытып, гармонияға қайта әкелу. Осындай идея арқылы Шопенгауэрдің Еріктің абсолютті иррационалды сипаты туралы тезисі жұмсартты.

Фридрих Ницше басқа жолмен жүрді. Шопенгауэрдің түрлі сфералараның синтезіне жетуге тырысудың орнына ол барлығын иррационалдыға ендірі. Соған қарамастан ол рационалды элементтерді толық ығыстыра алмады. Рационалды элементтер иррационалдың ішінен қайта-қайта жоғары көтеріліп, диалектикалық қайшылықтардың түйінін құрады. Ең алдымен Ницше кесімді түрде (Шопенгауэр ілімінде бар) платондық дәстүрден бас тартты. Кез-келген объективті формалар мен нормалар жүйесі терістелді. Адам өмірі ешбір абстрактылы жалпымәнді ұстанымдарға бағынбайды деп түсінілді. Барлық мәңгі мәнді құндылықтар жүйесі – тіршілігі тоқтаған рухтың абстрактылы-формалды ұстанымдары ретінде әшкереленді. Мысалы, Ницше құндылықтардың қатаң жүйеге келтірілмеуін, керісінше, құндылықтарды орнататын творчестволық өмірге тәуелділік болуға тиістілігін және құндылықтардың қайта саралануын талап етті.

Адам болмысын анықтайтын уақыттан жоғары идеялар деген жоқ. Ондай идеялар – өзінің бастапқы негізінен бөлініп кеткен рационалистік интеллектінің конструкциялары ғана.

Сондықтан адамды оның алғашқы негізі – өз өмірі тұрғысынан қарастыру қажет. Адамның сократтық және аполлондық картиналарына дионисийлік образ қарсы қойылуға тиіс. Өйткені адам дегеніміз, шындап келгенде – сезім, инстинкт, виталдылық. Ал пайым қосалқы рөл атқарады. Адам мәнін сана, рух немесе рационалдылық емес, керісінше, ұғынылмаған творчестволық өмір, кемерінен асып атқылаған қаранғы, хаостық ұмтылыстар анықтайды. Адамды өмірдің барысына, қалыптасуға қатысты ететін – осындай инстинктивті, виталды күштер. Адам – «дегеніміз» емес, ол – «қалыптасу үстіндегі». Хайуанға қарағанда адам керісінше – адамның қалыптасуы біржолата аяқталған жоқ. Ол – мүмкіндіктерге толы, ашық, аяқталмаған дайындық. Адамда, бүкіл тіршілікте өзгеріссіз қалатын ештеңе жоқ. Барлығы да үздіксіз, тоқтаусыз қозғалыста. Ешқандай да тұрақты болмыс, уақыттан тысқары заңдар жүйесі жоқ. Абсолютті реалдылық, «өзінде-болмыс», Ницше пікірінше, қайшылық. «Бүкілтұтастық» дионисийлік өмір, Ницше пікірінше субстанция да, болмыс та емес, ол – гераклиттік қалыптасу. Осылайша, Ницше ілімі – ұшқары иррационализм. Бірақ оның философиясында Ницшенің өзі шешуші мән беріп сипаттайтын және тоқтаусыз ағымдылықтан босану деп атайтын идея: біртектінің мәңгі қайта оралуы туралы идея бар. Егер Гераклит бір өзенге екі рет түсу мүмкін емес деп үйретсе, (өйткені ол үздіксіз ауысып отырады және сонымен қатар бір нәрсе дәл сол күйінде екінші рет қайталанбайды), Ницше өзеннің әрдайым қайта оралып, алдынала белгіленген мүмкіндіктерді іске асыратынын айтады.

Бұл иррационалистік алғышарттарға қайшы. Өйткені дәйекті иррационализм бір нәрсеге дәл сол күйде қайтып оралу дегенді білдірмейді, өйткені оның пікірінше, бір нәрсенің екі рет қайталануы тіпті де мүмкін емес. Ницшенің «мәңгі қайта оралу» идеясы иррационалистік концепцияға жаңа сипат берді. Шенбер бойынша іске асатын мәңгі қозғалыс кезеңінің ұзақтығын қалай түсінсек те – бәрібір мұнда толық детерминизм және ешбір ауытқуды білмейтін әрі өзгеріссіз, уақытқа тәуелсіз болғандықтан жалпыға бірдей мәңгі заң салтанат құрады. Шеңбер бойынша қозғалыс идеясы – детерминистік

рационализмнің соңы болды. «Сократизм» және «плюрализм» осы жерде қайта бас көтерді.

Бірақ Ницшенің иррационализмі тағы бір мәселеге – индивидуализмге қатысты шектелген. Егер Шопенгауэрде «индивидуалдылық принцип» ерік сферасынан бөлінген болса, Ницшеде ол иррационалдың диалектикалық сәтіне айналдырылған. Өйткені Ницше бір жағынан, дионисийлік өмірде бәрін қамтитын биологиялық-ғарыштық творчестволық күш ретінде қарастырылса, екінші жағынан Ницше үшін аристократтық индивидуализм аса маңызды.

Ницше сананың абстрактылы, жеңілтек, үстірт әрекетінен көрініс беретін және сұрқай, дөрекі, қарабайыр өмірден рахат табатын қоғамдық, тобырлық адам табиғатынан жиренеді, дәл осы тобырлық жануар ретіндегі қоғамдық адамды жою қажет деп санады. Оның орнына Ницше өз идеалын заңдармен, нормалармен, жалпы дәстүрмен байланысы жоқ, жақсылық пен жамандықтың арғы бетінде өмір сүретін, бұқараға қосылмайтын данышпан, өз күшіне сенімді жоғарыадамды ұсынды. Бүгінгі күннің адамы – нағыз болмысқа, «асқақадамға» апаратын жолдағы аралық бекет. Ал жердегі дамудың түпкі мақсаты – қарапайым адамшылықты жеңіп және соның нәтижесінде нағыз индивидуалдылықты иеленіп, тұлғаға айналатын «асқақадам».

Ницше іліміндегі виталды-волютаристік өмір индивидуалдандырылған. Және ол өмір өзінің жоғарғы формаларына жекелеген ұлы адамдар арқылы көтеріле алады деп тұжырымдалды. Нәтижесінде бір ғана, барлығын қамтитын жалғыз ерік емес, монада сияқты тұлға орталығын құрайтын индивидуалдылыққа ие көптеген еріктер бар. Әйтсе де бұл жерде де қайтадан жалпы иррационалистік тенденция бой көрсетеді – бұл еріктер тұрақты да өзгеріссіз субстанцияға ие емес, өйткені олардың өздері тоқтаусыз қалыптасу үстінде. Ерік актісінен жоғары тұратын және оны билейтін ешбір субъект жоқ. Еріктен, әрекеттен тысқары тұрған болмыс жоқ. «Мен»-де субстанция жоқ, субстанция ұғымын рухани өмір сферасына көшіру – оның сипатын бұрмалауға тең болар еді. Сондықтан индивидуумды жалпы қалыптасудан азат ету мүмкін емес. Сондықтан Ницше ілімінде табиғаттың ғана ақиқаттығы, дұрыстығы, жеке тіршілікке тұтас ғарыш қана ақиқаттық сипат беретіндігі туралы идея қалыптасты. Бұған дейін, Ницше іліміндегі иррационалдың диалектикасы екі мәселеде – жалпы детер-

минизм-де және жеке адамның индивидуалдылығына қатысты көрінген болатын. Оның үшінші қыры да бар. Ұшқары иррационализм ғасырлар бойы қалыптасқан тәртіптер мен формаларға ғана емес, субъект ретінде адам өзі қалыптастыратын құрылымдарға қарсы тұрады. Ницше бұл жерде адам жасаған формалардың тұрақты болуына қарсы. Оның пікірінше, ол құрылымдар өмір ағынының ажырамас бөлігі, сондықтан абсолютті өзгермес мәнге ие бола алмайды. Олар әрдайым өзін творчествоның қуатымен жасап шығарған нақты адаммен байланысын сақтайды.

«Болуға деген ерік» – адамның форма жасаушы белсенділігі үшін Ницше ұсынатын формула осындай. Өмірдің терең мәні творчестволық, спонтанды, өз шеңберінен шығып және жаңа формалармен күш-бағытын үздіксіз өзгертетін «болуға деген ерік». Адам формалар мен нормаларды, өмірлік-мағынаны практикалық әрекеттерден туындата отырып, өз бойына бекітеді. Ақиқат және ізгілік ұғымдары Ницше ілімінде прагматикалық тұрғыдан қарастырылады. Кез-келген ақиқат және кез-келген норма өмірдегі қолданысына байланысты бағаланады. Олар, Ницше пікірінше, сырттан берілген, тәуелсіз де жалпы мәндер емес, санамен ұғынылмаған, творчестволық, форма жасаушы өмір туындылары. Олар теориялық ойлау дайын күйінде тапқан объектілер емес, әрекеттер нәтижесі.

Құндылықтар адамның белсенді әрекетінің арқасында тіршілік етеді. Оларды өмір бекітеді, сондықтан құндылықтар өмірге тәуелді. Дәл осы, өмірдің нақты практикаға жақындығы Ницше үшін қандай да болмасын категориялар жүйесінің өзгеріссіздігін терістеуге мүмкіндік береді. Кант және Гегель Ницше үшін платонизмге қайта оралу дегенді білдіреді. Ал одан қашу қажет. Осылайша Ницше антропологиясында диалектиканың иррационалды бастапқы түпнегізі үш жақтан шектеледі. Бірақ бұл, өзара қарсы тұрған үш инстанция – өз мәндері бойынша алғашқы болып табылатын иррационалдымен салыстырғанда екінші планға ығысады.

Қазақ философиясында – тұлға бойында рационализм мен иррационализмнің қатар, қарсы тұратындығы, бір жағынан адам үшін

ақыл-ойдың маңыздылығын түсіну, ал екінші жағынан адам болмысының маңызды мәселелерін шешудегі рационалды ойлаудың мүмкіндіктерінің шектілігін мойындау, ақыл-ойдың сәт сайын, қадам сайын сенімсіздікте, күдік-күмән мен қайшылық билігінде болатындығын, адам табиғаты терең парадоксалдылық пен абсурдтарға толылығын және оны түсіну үшін интеллект қолданатын әдістерден өзге әдістер қажеттігін сезіну кезеңінің бейнесі ретінде иррационалистік, мистикалық ойлар тізбегі туындады.

Данышпан Абай дүние тылсымын ұғыну үшін жүрекпен сезіну қажеттігін жырлады. Адам жанының иірімін жүрекпен ғана ұғынуға болатындығын, өйткені оның табиғаты иррационалды, өйткені жүректің өз тәртібі, өз логикасы, ақыл-ой білмейтін-түсінбейтін өз принциптері бар екендігін, ақыл-ой қарамағына енбегеніне қарамастан жүректің принциптеріне мәнділік пен ақиқаттылық тән екенін тұжырымдады (2).

Рационалды мен иррационалды арасындағы қайшылықтың үйлесімін табу бағытындағы ізденістері негізінде Шәкәрім өзінің иррационалды антропологиясын қалыптастырды, Абай көзқарастарын дамыта отып адамның ішкі дүниесінің приоритеттілігін негіздеді.

Шәкәрім философиясының өзегі болып табылатын «ұждан» – Тәңірі мен дүние, шексіз бен уақытшаның, объект пен субъектінің арасын жалғастырушы жан қажеті, жан сұранысы. Онтологиялық жағынан ұждан жаннан, жан – Алғашқы Себептен таратылады. Бірақ әрбір адамның жаны болғанмен, бәрі бірдей ұжданды болмауы мүмкін. Өйткені «жанның неге ұмтылатынын, ұжданды тілейтінін кейбіреу надандықтан біле бермейді» (3) Шәкәрімнің мұндай пікірінде Сократтың даймонион – «жан даусымен» үндестік бар.

Шәкәрімше, имандылықтың жоғарғы сатысында ақыл «рухани көзбен көру» қабілетіне ие болады, сол арқылы адам Құдіретті ақиқатпен байланысады, оны таниды. Барлық рухани күштерді (ақыл, сезім, ұждан, қайратты) тұтастыққа біріктіру арқылы адам мистикалық интуиция дәрежесіне көтеріледі деп түсіндірді Құдайбердіұлы.

**Әдебиеттер**

- 1 Брюнинг В. Философская антропология // Западная философия: Итоги тысячелетия. – Екатеринбург: «Деловая книга», Бишкек, «Одиссей», 1997. – С. 304.
- 2 Абай. Шығармалар жинағы. – Алматы, 1963.
- 3 Құдайбердіұлы Ш., Үш анық. – Алматы, 1991. – 25 б.

**References**

- 1 Brjuning V. Filosofskaja antropologija // Zapadnaja filosofija: Itogi tysjacheletija. – Ekaterinburg: «Delovaja kniga», Bishkek, «Odissej», 1997. – S. 304.
- 2 Abaj. Shyғarmalar zhinaғы. – Almaty, 1963.
- 3 Kudaiberdiuly Sh., Ysh anyr. – Almaty, 1991. – 25 b.